

Біз өмірді тандаймыз!

2014 жылғы 17 қазанда Есіл Жасөспірімдер шығармашылық үйінде аудандық үгіт бригада байқауы өткізілді. Байқау мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және зиянды дағдыларды алдын алу. Іс-шараға аудан бойынша жалпы білім беретін мектептердің 12 санитарлық посттар белсене қатысты. Қазылар алқасы жобалар бойынша бірлестіктердің жұмыстары туралы слайд түріндегі есептер мен өзін-өзі таныстыру бөлімдерінің жоғарғы дайындықта өткізілгенін назарға алды. Байқау аясында «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты суреттер мен жобаға қатысушылардың әдістемелік құжаттар көрмесі ұйымдастырылды. Аталған байқауда I орынды Ақсай ОМ «Жастар СӨС үшін!» үгіт бригадасы, II орынды Қазанның 37 жылдығы атындағы ОМ «Жастар» үгіт бригадасы және С. Серіков атындағы «Эскулап» үгіт бригадасы иеленді. III құрмет орынды Свободный ОМ «Дендеріңіз сау болсын!», Красивый ОМ «Денсаулық бұлағы», А.С. Макаренко атындағы «SOS» санитарлық посттары өзара бөлісті.

